

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ
22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»
22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»
22-April, 2022 y.

Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Слаббекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЗАМАНАУИ ОҚЫТУДА ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ЖҰМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Шалғынбаева Қадиша Қадырқызы

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасы
Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Қайроллаева Индира Жанатқызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Педагогика және психология»
мамандығының 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Аннотация. Актуальность вопроса совершенствования деятельности педагога-психолога в условиях обновленного обучения старшекласников зависит от изменения и модернизации системы образования. В данной статье рассматриваются анализ работы педагога-психолога старших классов. Представлены такие методы стимулирования развития педагога-психолога, как оценка его профессиональной деятельности, повышение квалификации, психологическая подготовка кадров педагога-психолога, совместная работа с родителями, активность педагога-психолога как субъекта образовательного процесса.

Ключевые слова: педагог-психолог, совершенствование, саморазвитие, безопасная среда, комфортная среда, индивидуальный рост.

Abstract. the relevance of the problem of improving the activity of a teacher-psychologist in the conditions of updated training of high school students is due to the change in the education system and its modernization. The analysis of the work of a teacher-psychologist in high school is carried out. Such methods of stimulating the development of a teacher-psychologist as assessment of his professional activity, professional development, psychological training of a teacher-psychologist, joint work with parents, the activity of a teacher-psychologist as a subject of the educational process are proposed.

Key words: teacher-psychologist, improvement, self-development, safe environment, comfortable environment, personal growth.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде білім берудің жан-жақты бағытын қалыптастырумен бірге, тиімді білікті психологиялық көмек көрсету проблемасы аясында туындаған білім беру процесінің барлық субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау идеясы қарқынды дамуда. Бұл мәселе инклюзивті білім беру жағдайында ғана емес, жалпы білім беретін мектептерде де талқылануда. Мәселенің өзектілігі оқу кезінде сүйемелдеу тек төменгі сынып оқушыларына ғана емес, сонымен қатар жоғары сынып оқушыларына да қажет [1].

Білім беру орталарындағы психологиялық қызметтің негізгі мақсаты – адамның психологиялық денсаулығын сақтау, білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және психологиялық қолдау көрсету болып табылады. Нақтырақ айта кететін болсақ, бұл Қазақстан Республикасында «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында айтылған «Мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету» деген міндеттермен расталады. [2]

Білім беру процесінде білім алушылардың психикалық денсаулығы, білім беру бағыттарын дараландыру, психологиялық қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын құру маңызды орын алады. Жалпы білім берудің жаңа стандартын енгізу мектептің білім беру ортасының мазмұны мен ұйымдастырылуындағы психологиялық білімді қолдану нысандары мен түрлерінің нақты орнын анықтай отырып, мектептегі бүкіл білім беру жағдайын айтарлықтай өзгертеді, бұл мектеп психологының білім беру процесінің толыққанды қатысушысы ретіндегі қызметін міндетті, нақты және өлшенетін етеді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей көзделген мақсат міндеттерді жүзеге асыру үшін кәсіби кадрларды даярлау қажет. Ол әрине заманауи білім беру қажеттілігін қанағаттандыра алатын педагог-психологтарды даярлау.

Алайда, педагог-психологтың белсенді кәсіби өзін-өзі дамыту қажеттілігі қазақстандық білім беру жүйесінің тек материалдық-техникалық жағынан ғана емес, сонымен қатар мазмұндық жағынан да жаңғырту процесінде тұратындығына байланысты. Педагог-психолог жұмысының көптеген әдістері белгілі. Қазір таңдағы 21-ші ғасыр, адами «капитал», «ресурс» ретінде әрекет етеді. Ал, педагог-психолог оқыту кезінде баламен бірге жүретін өзіндік «ресурс». Оқыту технологияларын түрлендіріп ұйымдастырудың форматын дамыту жоғары сынып оқушыларын оқытуда педагог психолог тарапынан да үнемі бейімделуді талап етеді.

Сондай-ақ, білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің теориясы мен тәжірибесін талқылау мәселелері зерттеуші ғалым-психологтардың еңбектерінде қарастырылып келеді. Психологтың, педагог-психологтың кәсіби қызметінің психологиялық-педагогикалық аспектілері Г.С.Абрамова, М.Р.Битянова, И.В.Вачков, И.В.Дубровина, Н.И.Исаева, А.И.Красило, А.П. Новгородцева, Е.С.Романова, В.В.Рубцов, Л.М.Фридман және т. б. зерттеулерінде ашылады. Сондай-ақ Б.Б.Коссов, О.М.Анисимова, Н.М.Владимиrowa, Н.С.Копейна, М.Д.Дворяшина, М.В.Зюзько, Н.Н.Обозов сынды ғалымдардың еңбектерінде жоғары оқу орнында психологиялық қызметтің барысы және оны қалай жүзеге асыруға болатындығы және психологиялық кеңес берудің білім алушы студенттердің жеке басын қалыптастырудағы маңыздылығы туралы айтылған.

Психологиялық кеңес беру жөніндегі түрлі зерттеулерді және тәжірибелерді талқылай келе, психологиялық қызметтің бұл түрі арқылы қалыпты психикалық даму жағдайындағы адамдардың өзін-өзі тануы, дамытуы, бағалауын пайдалана отырып, өмірлік маңызды шешімдерді тиімді қабылдаумен қамтамасыз етуге, тұлғааралық қарым-қатынасты сақтау қабілетін дамытуды, жеке тұлғаның әлеуетін іске асыру мен арттыруды жеңілдету жүзеге асырылады. Сол себепті де, кеңес берудің жастық кезеңіндегі орны айрықша.

Жоғарыда айтып кеткен мәселелер сөзсіз білім беру процесінде психологтың рөлінің артуына әкеледі, оның кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптарды анықтайды. Бұл талаптар оқуда, дамуда және әлеуметтік бейімделуде қиындықтарға тап болған білім алушыларға көмек көрсетуді және білім беру ұйымы іске асыратын негізгі білім беру бағдарламасын іске асыруды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтиды. Осы талаптарға табысты сәйкестіктің маңызды шарты маманның тұрақты кәсіби өзін-өзі дамытуға бағытталуы болып табылады [4].

Осы ұстанымдарды сақтай және дамыта отырып, мектептің педагог-психологы білім беру жүйесінің өзекті мәселелерін шешудегі өзінің рөлін түсінуі, өз қызметінің негізгі бағыттарын нақты айқындап, жұмыс құралдары мен тиімді әдістеріне ие болуы керек.

Қазіргі таңда педагог-психологтар, жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі жүзеге асыру қабілетін дамыту жұмысы бойынша білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Осы негізде біз жоғары сынып оқушыларының жаңартылған білім беру жағдайында педагог-психологтың қызметін жетілдіру қажеттілігін анықтадық.

Сонымен қатар, жоғары сынып оқушыларымен жұмыс ауқымын ескере отырып, жаңартылған білім беру жағдайында педагог-психологтардың қызметін жетілдірудің ең дұрыс шешімі ынталандырудың мүмкін әдістерінің бірі психологтардың кәсіби қызметіне жан-жақты бағалау жүргізу болуы тиіс. Себебі, психологтардың кәсіби өзін-өзі дамытуға дайындығы әрдайым жоғары деңгейде бола бермейді, өйткені кәсіби өзін-өзі дамытуға психологиялық кедергілер бар: «сарапшылар мен клиенттердің психологтың қызметіне қанағаттануы», «жоғары кәсіби өзін-өзі бағалау», «әдеттегі жұмыс деңгейіне қанағаттану», «балалардың заманауи мәдениетін түсінгісі келмеуі». Аталған психологиялық кедергілердің әрекеті педагог-психологтардың кәсіби өзін-өзі дамытуға уәждемесінің қалыптасуына кедергі келтіреді [5].

Сондықтан, барлық жағымсыз құбылыстарды жеңу және жоғары сынып оқушыларын жаңартылған оқытуда педагог-психологтың жұмысын жетілдіру үшін олардың кәсіби қызметін бағалаудың кешенді тәсілін қолдану қажеттілігі бар. Ішкі немесе сыртқы сарапшылар жүргізетін кәсіби бағалау педагог-психологқа оның біліктілік деңгейі туралы сараптамалық пікір береді және тез кәсіби өзін-өзі дамыту жұмысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ол үшін нәтижеге қанағаттану туралы клиенттің бағалауы қажет. Клиенттерден жауап алу, педагог-психолог жұмысты жетілдіруге ынталандырады. Өзіңіздің мүмкіндіктеріңізді білу айналадағы адамдарды түсінуге, олардың ішкі мүмкіндіктері мен ресурстарын ашуға үйренудің жақсы шарты болып табылатыны анық.

Осыған орай, жоғары сынып оқушыларының жаңартылған білім беру жағдайындағы педагог-психологтың қызметін зерттеу бойынша талдау жүргізе отырып, қоршаған орта мен педагог-психологтың жұмысы арасындағы байланыс атап өтілді. Онымен жұмыс істеу үшін болашақ білікті кадрларды даярлауға қажеттілік артады. Сондықтан, педагог-психологтарды даярлау кезеңінде қоршаған ортаның мүмкіндіктерін зерделеген жөн, ол кейіннен қауіпсіздік орны, қарапайым пана ретінде қызмет етеді. Ол үшін болашақ педагог-психологтарға дайындық кезеңінде өздерін қауіпсіз сезінетін орындардың тізімін белгілеуді ұсынуға болады. Бұдан басқа, олар өздерін қауіпсіз сезінетін адамдардың тізімін жасай алады. Бұл осындай жағдайды қамтамасыз ететін өз қасиеттерінің тізімі болуы мүмкін.

Демек, болашақ педагог-психологтар өздері ыңғайсыздық немесе қауіп көзі ретінде әрекет еткен жағдайларды еске түсіруі керек. Сонымен қатар, мұндай ілім түсінуге ықпал етеді және басқалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектесетін қасиеттерді көрсеткен сәттерді еске түсіруге көмектеседі. Осы әдістерді қолдану нәтижесінде болашақ психологтар өздерінің мақсаттарын, тәжірибелерін, күшті және әлсіз қасиеттерін талдай алады. Сонымен қатар, олар жоғары сынып оқушыларында болуы мүмкін қорқыныш, тәжірибе мен реніштің кең тізімін ашады. Мұндай педагогикалық жұмыс жоғары сынып оқушыларын жаңартылған оқыту жағдайында қауіпсіз және жайлы ортаны жобалауға дайындық тұрғысынан нәтижелі.

Жоғары сынып оқушыларымен жұмыс жасауда педагог-психологтың тиімді қызметі үшін кешенді педагогикалық жағдайлар жасау қажет. Бұндай педагогикалық шарттарға:

- педагог-психологтардың психологиялық денсаулығын сақтау;
- психологиялық қауіпсіздіктің жаңа формаларын игеруге және қалыптастыруға көмек;
- қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру;
- диплом алған педагог-психологтардың біліктілігін арттыру;
- ата-аналармен тығыз ынтымақтастық жатады.

Ата-аналармен өзара әрекеттесу саласындағы педагог-психологтың қызметін жетілдіру – болашақ маманның кәсіби дамуына байланысты жеке және жеке өсу процесі болады. Демек, педагог-психологтың білім алушыларымен жұмысы жоғары сынып оқушыларының жеке және кәсіби өсуін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, қазіргі білім беру жағдайында педагог-психологтың қызметін жетілдіру мәселесін зерттеудің нәтижесі оның белсенділігі болып табылады. Кәсіби өзін-өзі дамытудың қарқындылығы ретінде белсенділік әртүрлі мөлшерде және әртүрлі әрекеттерде көрінеді.

Біз осы тұрғыдан мына төмендегідей іс- әрекеттерді қарастырдық:

- 1) кәсіби әдебиеттерді оқу;
- 2) тренингтер мен оқыту семинарларына, біліктілікті арттыру курстарына қатысу;
- 3) ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу (тыңдаушы немесе сөз сөйлеуші ретінде);
- 4) ғылыми журналдар мен жинақтарда мақалалар жариялау;
- 5) өз қызметіне жаңа әдістерді, техникаларды енгізу;
- 6) өз тәжірибесі негізінде жаңа әдістерді, ұйымдастыру технологияларын әзірлеу және оларды тарату;
- 8) тәжірибесі аз әріптестеріне тәлімгерлік және т.б.

Осылайша, біз жоғары сынып оқушыларын жаңартылған оқыту жағдайында педагог-психологтардың қызметін жетілдірудің маңыздылығын негіздедік. Болашақ педагог-психологтарды жоғары сынып оқушыларында қауіпсіз және жайлы ортаны жобалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға кәсіби даярлаудың перспективалығы елді білікті кадрлары бар дені сау ұрпақпен қамтамасыз ететінін білеміз. Жоғары сынып оқушыларында оқудағы заманауи қиындықтарды жеңуге көмектесетін білікті кадрлар шешуі керек. Сонымен, психологтың іс-әрекетін бағалау керек және мұқият дайындықпен жүргізу керек.

Әдебиеттер

1.Ахмедова, А.М. Болашақ мұғалім тұлғасының кәсіби өзін-өзі дамытудың педагогикалық шарттары : дис. ... канд. пед. 13.00.08 / Ахмедова Айшат Магомедовна. – Махачкала, 2007. – 169 с

2.Қазақстан Республикасында "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы7 https://www.inform.kz/kz/bgm-bilimdi-ult-sapaly-bilim-beru-ulttyk-zhobasy-tort-bagyttan-turady_a3852312

3.Шумакова О. А. Ата-аналармен психологиялық-педагогикалық өзара әрекеттесуді жетілдіру: болашақ педагог-психологтың инновациялық мәдениетінің тәжірибесі // ЮУрГГПУ хабаршысы. 2010. №10.

4.Киндарова З.Б. Болашақ педагог-психологтардың жалпы білім беру ұйымында қауіпсіз және жайлы ортаны жобалауға дайындығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары // қазіргі педагогикалық білім. 2021. №7

5.Сейтбатталова А.С. Педагогикалық университетте болашақ педагог-психологтарды кәсіби даярлаудағы қашықтықтан білім беру технологиялары / / Сібір педагогикалық журналы. 2009.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Қ.Қ. Шалғынбаева, Ж. Сағатбекқызы

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Аннотация. В статье определяется «социально-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в образовательном процессе» как целостная система организованных мероприятий, создающих социально-психологические и педагогические условия для успешного обучения и умственного развития ребенка в школьной среде. Социально-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями «детский коллектив» является важным ресурсом их развития. Только включая детей в окружающую среду, можно их научить общаться, социализироваться и приспособиться к обществу. Цель исследования - помочь ребенку успешно преодолеть препятствия на пути к личному и социальному развитию. Сегодня, система образования остро нуждается в поддержке и развитии социально-педагогического и психолого-педагогического сопровождения. В статье подробно разъясняется понятие «сопровождение» и рассматриваются несколько определений «социально-педагогического сопровождение», более детально изучаются этапы и уровни данного процесса.

Ключевые слова: дети с особыми образовательными потребностями, социально-педагогическое сопровождение, интеграция, социализация, детский коллектив, инклюзивное образование.

Abstract. Socio-pedagogical support of children with special educational needs in the educational process is defined in the article as "a whole system of organized events that create socio-psychological and pedagogical conditions for the successful learning and mental development of a child in a school environment."